

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 21 қарашадағы N 1636 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 20 ақпан N 125. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1999.04.09. N 394 қаулысымен. ~P990394

"Қазақстан Республикасының көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 қаңтардағы N 8 P980008_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің

1997 жылғы 21 қарашадағы N 1636

P971636_

қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ережеге:

"Миссиясы" деген кіріспедегі "көші-қон" деген сөз алынып тасталсын;

5-тармақтың алтыншы абзацы алынып тасталсын;

6-тармақтың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Алматы қаласының әкімі мен Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің статистикалық есептері мен ақпараттарының деректері бойынша еңбек көші-қоны процесіне талдау, болжау және реттеу жүргізу";

7-тармақта:

он бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"еңбек көші-қоны саласындағы халықаралық келісімдердің жобаларын әзірлеуге қатысу";

он алтыншы абзац алынып тасталсын;

он сегізінші және он тоғызыншы абзацтардағы "көші-қон" деген сөз алынып тасталсын;

8-тармақтың үшінші абзацындағы "көші-қон" деген сөз алынып

тасталсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК